

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Педагогика және психология негіздері**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Психикалық құбылыстардың пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым
  - A) физиология
  - B) философия
  - C) психология
  - D) социология
  - E) психиатрия
  
2. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелері талқыланатын ең жоғарғы алқалы орган
  - A) пән бірлестіктері
  - B) педагогикалық кеңес
  - C) педагогикалық конференция
  - D) педагогикалық оқу
  - E) әдістемелік кеңес
  
3. Педагогика ғылымы\_\_\_\_\_ зерттейді
  - A) Адам тәрбиесін
  - B) Дүниетаным көқарасын
  - C) Тұлғаның өсу заңдылықтарын
  - D) Мінез-құлық ерекшелігін
  - E) Жалпы оқыту процесін
  
4. Психиканың белгілі бір жағының тиімді дамуындағы аса жоғары мүмкіндіктер кезеңі
  - A) Бейімделу
  - B) Сензитивтік
  - C) Адаптациялық
  - D) Аналитикалық
  - E) Эволюциялық
  
5. Мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін ұлттық ойын
  - A) Ақсерек, көксерек ойыны
  - B) Алтыбақан ойыны
  - C) Ақсүйек ойыны
  - D) Тоғызқұмалақ ойыны
  - E) Аударыспақ

6. Оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін мотивациялау, ынталандыру әдісіне \_\_\_\_\_ жатады

- A) әңгімелесу
- B) мадақтау
- C) жаттығу
- D) үлгі- өнеге
- E) байқау

7. Балаларды қорғаудағы халықаралық құжат

- A) отбасы кодексі жиынтығы
- B) үкіметтің еңбек туралы кодексі
- C) білім беру туралы заң ережелері
- D) ЮНЕСКО құжаттарының жиынтығы
- E) БҰҰ-ның балалар құқығы туралы конвенция

8. Тәрбие, бұл -

- A) әр түрлі факторлар әсерінің маңызды формасы
- B) ішкі қарама-қайшылықтарды айқындау арқылы өзіндік өзгеріс
- C) тұлғаның дамуына мақсатты түрде әсер ету процесі мен нәтижесі
- D) әр түрлі әсерлердің нәтижесінде тұлғаның қалыптасуы
- E) адамның ақпараттық-опрациялық дамуының жетекші күші

9. Адамның дамуы өмір бойы жүреді, әсіресе \_\_\_\_\_ қарқынды түрде жүреді

- A) балалық және жасөспірім шақта
- B) оқушылар ұжымында
- C) әлеуметтік ортада
- D) отбасында
- E) өз қатар – құрбыларының ортасында

10. Тәрбие мақсатына сәйкес оқушылар меңгеретін білім, сенімдер, дағды, қасиеттер мен тұрақты әрекет әдеттерінің жүйесі –

- A) тәрбие мазмұны
- B) тәрбиелеу формасы
- C) тәрбиенің әдісі
- D) тәрбиелеу мақсаты
- E) тәрбиелеу құралы

11. Балалық және жасөспірім шақтағы ағзаның қарқынды дамуы \_\_\_\_\_ деп аталады

- A) акселерация
- B) қалыптасу
- C) өзін-өзі дамыту
- D) өзін-өзі тәрбиелеу
- E) өзін-өзі жетілдіру

12. Жеке тұлғалық қасиеттер

- A) мінез, темперамент, қабілет
- B) қабылдау, ойлау, сөйлеу, есте сақтау
- C) көңіл күй, эмоция, сезімі, еркіндік
- D) достық, әріптестік, жолдастық, қолдаушылық
- E) адамның кәсіби қарым-қатынастарға біртіндеп енуі

13. Адамға қоғамның толық мүшесі ретінде мүмкіндік беретін, нормалар мен құндылықтар жүйесін меңгеру процесі

- A) әлеуметтендіру
- B) қалыптасу
- C) тәрбиелеу
- D) дамыту
- E) оқыту

14. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті

- A) ойын
- B) оқу
- C) еңбек
- D) серуен
- E) қатынас

15. Адамда қиын ахуалдарда пайда болатын, орасан зор ішкі күйзеліс нәтижесі

- A) Стресс
- B) Көңіл-күй
- C) Жан толқынысы
- D) Эмпатия
- E) Апатия

16. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының миымызда сөз арқылы бейнеленуі

- A) Түйсік
- B) Ойлау
- C) Ес
- D) Қиял
- E) Қабылдау

17. Адамның бұрын бастан кешкен сезімдеріне байланысты ес түрі

- A) Эмоциялық
- B) Бейнелік
- C) Сөз-логикалық
- D) Қозғалыс
- E) Эйдетикалық

18. Адам ойының түрлі формаларын еске қалдыра алу

- A) Қозғалыс ес
- B) Сөздік- логикалық ес
- C) Бейнелік ес
- D) Жедел ес
- E) Эмоциялық ес

19. Сезім мүшелерінің әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуі

- A) Реминисценция
- B) Аккомодация
- C) Ассоциация
- D) Сенсбилизация
- E) Адаптация

20. Психологияда табиғи экспериментті тұңғыш енгізген орыс психологы

- A) А.Лазурский
- B) В.Фехнер
- C) В.Давыдов
- D) И.Павлов
- E) В.Вундт

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Қазақстан тарихы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістің басталу себебі:  
А) 1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығына сәйкес  
В) 1917 ж. Ресейдегі Ақпан төңкерісіне байланысты  
С) 1917 ж. Ресейдегі Қазан төңкерісіне байланысты  
D) 1917 ж. 20 маусымдағы патша жарлығына сәйкес  
E) 1914 I-ші дүние-жүзілік соғыстың басталуы
  
2. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске келіп қосылған Кіші жүздің биі:  
А) Жоламан  
В) Ералы сұлтан  
С) Исатай  
D) Қаратай  
E) Жантөре
  
3. Саяси қуғын сүргіннің шарықтау жылдары:  
А) 1948-1954  
В) 1918-1920  
С) 1933-1938  
D) 1923-1932  
E) 1923-1925
  
4. Елді социалистік индустрияландыру бағыты белгіленген жыл:  
А) 1920 жыл  
В) 1925 жыл  
С) 1927 жыл  
D) 1928 жыл  
E) 1932 жыл
  
5. Қазақ АКСР-і Одақтас Республика болып құрылды:  
А) 1936 жылы 5 желтоқсанда  
В) 1937 жылы 26 наурызда  
С) 1937 жылы 12 желтоқсанда  
D) 1922 жылы 30 желтоқсанда  
E) 1923 жылы 22 қарашада

6. Сақтардың ең қасиеттеген, табынған құдайы

- A) Су
- B) Күн
- C) Аспан
- D) Жер
- E) Ай

7. Алашорда үкіметінің құрамына сайланды:

- A) 10 адам
- B) 12 адам
- C) 30 адам
- D) 20 адам
- E) 25 адам

8. VI-XIIIғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттерде билік беріліп отырды

- A) Сайлау арқылы
- B) Тағайындау
- C) Мұрагерлік жолмен
- D) Сатылы түрде
- E) Жасы кішілер артықшылығы

9. Андрондықтардың антропологиялық бет-бейнесі

- A) Негроидтық
- B) Моңғолоидтық
- C) Еуропеоидтық
- D) Еуропеоидтық-моңғолоидтық
- E) Аралас

10. Өмірінің соңына қарай Ташкентті өзіне қаратқан хан

- A) Тәуке
- B) Жәңгір
- C) Есім
- D) Қасым
- E) Хақназар

11. Халық аңыздарында қолбасшы, батыр, әскери тұқымынан шыққан жырау

- A) Сыпыра
- B) Қазтуған
- C) Доспамбет
- D) Бұқар
- E) Шалкиіз

12. О.А.Игельстромның мақсаты:

- A) Орта жүздегі хандық билікті жою
- B) Кіші жүздегі хандық билікті жою
- C) Кіші жүздегі Нұралының билігін күшейту
- D) Бөкей Ордасындағы хандықты жою
- E) Ұлы жүздегі хандық билікті сақтау

13. 1867-1868 жылғы Уақытша Ережеге қосылған жаңа салық түрі:

- A) Ясак
- B) Түтін
- C) Земстволық
- D) Зекет
- E) Вакфтық

14. 1757 жылы Абылай өз елшілігін аттандырды:

- A) Ресейге
- B) Қытайға
- C) Жоңғарияға
- D) Еділ қалмақтарына
- E) Бұхар әмірлігіне

15. Орталық Қазақстанда кен өндірісі басталған кезең:

- A) мезолит
- B) неолит
- C) энеолит
- D) палеолит
- E) ерте палеолит

16. Қазақстанда қоныс аудару ... кезеңнен тұрады

- A) 3
- B) 4
- C) 2
- D) 5
- E) 6

17. 1942 жылы өндірістегі әйелдер еңбегінің үлесі:

- A) 97%
- B) 90%
- C) 75%
- D) 50%
- E) 40%

18. Үндістаннан Қазақстанға келетін тауарлар:

- A) Шай, дәрі-дәрмек, тұрмыстық заттар
- B) Ауыл-шаруашылығы өнімдері
- C) Түсті, қара метал, автокөлік, тамақ өнімі
- D) Тамақ өнімі, шай, химия өнеркәсібі өнімі
- E) Түсті метал, дәрі-дәрмек, шай

19. Қазақстанда инвестицияның негізгі бөлігі құйылған салалар:

- A) Ғылым, білім
- B) Мұнай-газ, металлургия
- C) Ауыл шаруашылығы, сауда
- D) Халыққа қызмет көрсету
- E) Көлік, байланыс, энергетика

20. 1989-1999 жылдар аралығында Моңғолиядан келген қазақтардың саны:

- A) 3000
- B) 5600
- C) 43057
- D) 25863
- E) 10231



*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

21. Моғолстан мемлекеті құрамындағы тайпалар:

- A) Қаңлы
- B) Қыпшақ
- C) Дулат
- D) Үйсін
- E) Найман
- F) Барлас
- G) Арғын

22. Қазақ АКСР-ы құрылды

- A) 1917 ж. қазанда
- B) 1918 ж. мамырда
- C) 1919 ж. тамызда
- D) 1920 ж. тамызда
- E) 1921 ж. тамызда
- F) 1922 ж. тамызда

23. Сақтардық патша қорғандары:

- A) Түгіскен
- B) Берел
- C) Есік
- D) Аралтөбе
- E) Шілікті
- F) Бесшатыр

24. Ел астанасының Ақмолаға көшірілген уақыты

- A) 1997 жылы
- B) 1998 жылы
- C) 1993 жылы
- D) 1999 жылы
- E) 1995 жылы
- F) 1994 жылы

25. 1978 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі республиканың .... «бүкілхалықтық талқылауға» ұсынылды.

- A) жаңа Конституциясы
- B) актілер жинағы
- C) келісімшарт
- D) жаңа Ата Заңы
- E) хаттама
- F) келісім жобасы

26. М.Шаханов өткен ғасырдың 80-жылдары құрылған .... проблемалары жөніндегі комитетті басқарды.

- A) Арал
- B) Семей
- C) Балқаш
- D) Студенттер
- E) Каспий теңізі
- F) Әділет

27. 1946-1950 жылдарға арналған төртінші бесжылдық құрылыстары:

- A) Өскеменде қорғасын-мырыш комбинаты салынды
- B) Өзен кен орынының ашылуы
- C) Теміртауда Қазақ металлургия зауыты іске қосылды
- D) Өскемен конденсатор зауыты
- E) Кентау трансформатор зауыты
- F) Алматы төмен вольтты аппараттар зауыты

28. 1949 жылы К(б)П ОК Ж. Шаяхметов бірінші хатшысы болып сайланды:

- A) Республиканың
- B) Одақтың
- C) Комсомолдың
- D) Ұйымның
- E) Ауданның
- F) Қазақ КСР-інің

29. 1962 жылғы реформаларды жүзеге асыру үшін партия органдарын қайта құру қажет болды. Олар өнімділігі жағынан.... болып екіге бөлінді.

- A) Өнеркәсіптік
- B) Мәдени
- C) Ауыл шаруашылықтық
- D) Саяси
- E) Өндірістік
- F) Ұжымдық

30. 1979 жылғы «Целиноград оқиғасына» себеп болған:

- A) Неміс автономиясын құруға қарсылық
- B) Тәуелсіздік үшін күрес
- C) Ифляцияға қарсы күрес
- D) Республикада жеке автономия құруға қарсы шығу
- E) Партияның басшылығына қарсы күреске шығу
- F) Азық-түлік тапшылығы

**Жазғаяттық тапсырмалар**  
**1-жазғаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Ежелгі Түркілердің тарихы - қазақ тарихының да бастау көздерінің бірі саналады. Себебі түріктер құрған Түрік қағанатының батыс бөлігі қазіргі Қазақстан аумағын құрайды. Қазақстан тарихында бұл мерзім «Түрік дәуірі» немесе қазақ мемлекеттілігінің түркілік кезеңі деп аталады. Сондықтан Қазақстан тарихының ішіндегі түрік дәуірі қазақ этногенезі мен мемлекеттілігінің, материалдық және рухани мәдениетінің қалыптасып дамуында ерекше орын алады. Бұл тайпалар тек қазақ халқының ғана емес, қазіргі бүкіл түрік халықтарының тілінің, әдет-ғұрып, салт-саналарының, дүниетанымының қалыптасуына әсер етті. Түріктер жөніндегі ең алғашқы дерек Қытайда Батыс Вэй әулетінің заманында ресми жылнамаға енген.

31. Батыс Түрік қағанатының құрамына енген:

- A) Үйсіндер, Қаңлылар, Түркештер
- B) Қимақтар, Қыпшақтар
- C) Оғыздар, Қыпшақтар
- D) Қидандар, Қимақтар
- E) Наймандар, Керейлер

32. Түріктер Солтүстік Моңғолия жерінде Түрік қағанатын құрды:

- A) 552 ж.
- B) 553 ж.
- C) 554 ж.
- D) 555 ж.
- E) 556 ж.

33. Тарихи аренаға шыққан алғашқы түркі тайпаларының бірі –теле. Телелер одағына кірген тайпалар саны:

- A) 15
- B) 14
- C) 12
- D) 11
- E) 13

34. Түркі жазуының құпиясын ашқан ғалым:

- A) В.Томсон
- B) Н.Ядринцев
- C) В.Радлов
- D) В.Васильев
- E) С.Кляшторный

35. Түрік этнонимі алғаш рет қытай жылнамаларында ... жылдары аталады.

A) 542 ж.

B) 552 ж.

C) 562 ж.

D) 555 ж.

E) 565 ж.

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Тарихи дәуірлеудің алғашқы нұсқасын жасаған атақты америкалық этнолог Льюис Генри Морган адамзат баласы тарихын жабайылық, тағылық (варварлық), және өркениеттік (цивилизация) деп үш кезеңге бөлді. Аталған әрбір кезеңде адамзат баласы өзінің дамуы барысында белгілі бір жетістіктерге жетіп отырды.

36. Адамзат баласының пайда болып, қалыптасуы және дамуы жөніндегі пікірлердің ішіндегі осы ... теория бүгін де ең дәлелді, сенімді көзқарас саналады.

- A) эволюциялық
- B) революциялық
- C) дарвиндік
- D) моргандық
- E) кеңестік

37. Тас дәуірінің деректерін жете түсіну үшін зерттеушілер осы дәуірдің ..... деректеріне сүйенеді.

- A) геологиялық, археологиялық
- B) астрономиялық
- C) тарихи, географиялық
- D) биологиялық
- E) антропологиялық

38. Л.Г.Морганның адамзат баласын тарихи дәуірлеу нұсқасы бойынша өркениет кезеңінде жетістікке жетті:

- A) жазу-сызуды меңгерді
- B) балық аулауды
- C) егін егуді
- D) отты игерді
- E) темірді пайдалануды

39. Атақты америкалық этнолог Л.Г.Морганның адамзат баласын тарихи дәуірлеу нұсқасы бойынша тағылық кезеңінде жетістікке жетті:

- A) темірді пайдалануды
- B) сөйлеуді
- C) отты игерді
- D) балық аулауды
- E) садақ пен жебені пайдаланды

40. Л.Г.Морганның адамзат баласын тарихи дәуірлеу нұсқасы бойынша жабайылық кезеңінде жетістікке жетті:

- A) сөйлеуді
- B) аң аулауды
- C) егін егуді
- D) темірді пайдалану
- E) құмыра жасауды

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***